

2-ТОП

АҚШ-тың Діни бостандық жөніндегі халықаралық комиссиясы - (USCIRF) шетелде дін немесе сенім бостандығын бақылайтын 1998 жылы Халықаралық діни бостандық актісі (IRFA) құрған тәуелсіз, АҚШ-тың екі партиясы қолдау көрсететін федералдық үкімет комиссиясы. USCIRF шетелде діни бостандық немесе сенім бұзушылықтарын бақылау үшін халықаралық стандарттарды пайдаланады және президентке, мемлекеттік хатшыға және Конгреске саяси ұсыныстар жасайды. USCIRF - АҚШ мемлекеттік департаментінен бөлек және айырым бір ұйым. 2018 жылғы Жылдық есеп беру Өкілдер мен кәсіби қызметкерлер құжаттаған іс бойынша қиянаттар мен АҚШ үкіметіне тәуелсіз саяси ұсыныстарды жасау арқылы жылдық жұмыстың шарықтауын көрсетеді. 2018 жылғы Жылдық есеп беру 2017 жылдың қаңтарынан бастап 2017 жылдың ақпанына дейінгі кезеңді қамтиды, алайда кейбір жағдайларда бұл мерзімге дейін немесе кейін орын алған елеулі оқиғалар да көрсетілген. USCIRF туралы толығырақ ақпаратты [осы](#) вебсайттан қараңыз немесе USCIRF кеңсесіне тікелей 202-523-3240 нөмірі арқылы хабарласыңыз.

Қазақстан

Зерттеудің негізгі нәтижелері: Басқаша ойлау мен мемлекеттік діндерге жатпағаны үшін жалпы қудалау жағдайларында, тіпті, зайырлы азаматтық қоғамның белсенділері терроризмге қатысты айып тағу үстінде, Қазақстан үкіметі 2017 жылы діни сенім бостандығын елеулі бұзуын жалғастырды. Бір жыл ішінде 20 адам, соның ішінде Иегова Куәгерлері мен Таблиғи жамағат ислами миссионерлік қозғалысының мүшелері бейбіт түрде өз діни көзқарастарын жариялағаны үшін түрмеге жабылды. Үкімет күдігі, әсіресе прозелитизм, шетелдегі діни қозғалыстармен немесе институттармен байланыста болу, ресми діни саясатты сынау немесе ол бойынша көзқарастарында айырмашылық болудан туындады. Елде 2011 жылы қабылданған қатал діни заңы тіркелмеген діни қызметке тыйым салып, полиция рейдтерін өткізу, қамау, айыппұлдар салу және діни ұйымдарды жабу арқылы жүзеге асырылды. 2016 жылғы желтоқсанда осы заңға енгізілген түзетулер айыппұлдарды арттырды және діни әдебиет пен шетелдік діни саяхаттарды бақылауды күшейтті, өз ойын жеткізудің кең ауқымын айыптау үшін «миссионерлік қызмет» және «діни ілімнің» анықтамаларын кеңейтті; 2017 жылғы желтоқсанға қатысты қосымша түзетулер діни бостандықты одан әрі шектейді, яғни олардың қатарына балаларға білім беру, жеке үйлерде табыну және діни нанымдарды талқылау кіреді. Жыл бойы ондаған мұсылмандар мен христиандарға діни жораларды орындағаны үшін немесе діни әдебиетке ие болғаны үшін айыппұл салды. Ресей мен Өзбекстан тәрзді көрші елдердегі тәжірибелердің қатал үндеулерімен, қазақстандық билік Иегова куәгерлеріне уақытша тыйым салып, бостандыққа шығуға мерзімі келген діни тұтқынды жаңа бұзушылықтармен айыптады.

Осы мәселелер негізінде, “Халықаралық діни бостандық туралы” Заң (IRFA) бойынша діни сенім бостандығы бұзушылықтарына жол бермеу немесе оны «жүйелі, тұрақты, икемді» стандарттағы элементтердің кем дегенде біреуіне сәйкес келетін «ерекше алаңдаушылықты тудыратын ел» деп тағайындап 2018 жылы USCIRF Қазақстанды қайтадан 2-ші топтағы тізімге қосты.

АҚШ үкіметіне ұсыныстар

- АҚШ пен Қазақстанның стратегиялық серіктестік диалогы және басқа екі жақты өзара қарым-қатынастар дін немесе сенім бостандығына қатысты мәселелерді талқылауға басымдық беретініне көз жеткізу, соның ішінде Қазақ үкіметінен төмедегілерді қарастыруды сұрау:
 - Ерекше алаңдаушылықты тудыратын елді тағайындауға USCIRF ұсынатын басқа көрші елдерге ұқсас репрессивтік тәжірибелерді қолданудан алшақ болу;
 - Діни сенім бостандығын бұзатын заңдарға одан әрі шектеулі түзетулер енгізуден бас тарту және бұл заңдарды халықаралық адам құқықтары стандарттарына қатысты Қазақстанның міндеттемелеріне сәйкес келтіру;
 - Экстремизмге қарсы және терроризмге қарсы шаралар Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Адам құқықтары жөніндегі Комитетінің ұсыныстарына сәйкес бейбітшілікті діни ұстану және пікір білдіру құқығын бұзудың себебі бола алмайтындығына көз жеткізу;
 - Әскери міндеттілікті ар-ождан немесе діни көзқарастары үшін орындаудан бас тартатын тұлғаларға әскери қызметке баламалы қызмет көрсету тәсілін қамтамасыз ету; және
 - Еуропадағы үш Қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ) Төзімділік жөніндегі жеке өкілдердің сапарларына келісуін, бірлескен сапарға арнайы күнді белгілеуін және сондай сапарлар үшін толық және қажетті жағдайларды қамтамасыз ету;
- Қазақстан үкіметін ең жоғары дәрежеде ар-ождан тұтқынын босатуды және әрбір тұтқынның өз отбасымен, адам құқықтарын бақылаушылармен, тиісті медициналық көмек, сондай-ақ заңгермен байланысуға мүмкіндікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс істету және талап ету;
- Діни сенім немесе наным бостандығына құқықты бұзғаны үшін жауапты деп танылған белгілі лауазымды тұлғалар мен агенттіктерге АҚШ-тың визаларын бермеу және АҚШ активтерін бұғаттау тәрізді [Адам құқықтары жөніндегі есеп](#)

[беру туралы Магницкийдің жаһандық заңы, 13818 АҚШ Президенті жарғысы](#)
немесе басқа да мақсатты құралдарды қолдану;

- АҚШ елшілігі елшілік деңгейде діни бостандық активистерімен белсенді байланыстарды жүргізетініне көз жеткізу; және
- Қазақстандағы оқиғалар туралы, оның ішінде діни сенім бостандығына қатысты цензурасыз ақпаратты таратуды жалғастыру үшін Азаттық Радиосы, Азат Еуропа Радиосы/Азаттық радиосының (RFE/RL) қазақстандық қызметін АҚШ тарапынан қаржыландыруды жалғастыруды қамтамасыз ету.

Мағлұматтар

Қазақстан

Толық аты: Қазақстан Республикасы

Басқару нысаны: Президенттік Республика

Халық саны: 18 500 000

Үкімет мойындаған діндер/сенімдер: Ханафи мазхабының сүннит исламы және орыс православие діні

Діни демографиясы*:

70%-ы мұсылмандар (Ханафи мазхабындағы сүннит)

26%-ы христиандар (оның ішінде православиені ұстанушылар, протестанттар, католиктер, Иегова Куәгерлері)

3%-ы басқалары (еврейлер, буддистер, бехаизмді ұстанушылар, Харе Кришналарды қоса алғанда)

1%-ы Ханафи мазхабындағы мұсылмандар емес (шииттер мен суфий мұсылмандарын қоса алғанда)

*АҚШ мемлекеттік департаменті

2011 жылғы діни заңға дейін, Қазақстан посткеңестік Орталық Азиядағы дін немесе сенім бостандығына қатысты ең төмен репрессивті елдердің бірі ретінде көрінді. Алайда діни заң мүше саны жоғары деңгейде болуын және тағы басқа күрделі тіркеу талаптарын орнатады және тіркелмеген діни қызметке, соның ішінде білім беру, әдебиетті тарату және діни адамдарды оқытуға тыйым салады. Басқа анық емес қылмыстық және әкімшілік жарғылар рұқсатсыз діни немесе саяси белсенділікті жазалауға мемлекет мүмкіндік береді. Діни топтарды полиция мен құпия полиция қадағалайды. Заңның тіркеу талаптарының нәтижесінде, тіркелген діни топтардың жалпы саны 2011 жылдан кейін шұғыл төмендейді, әсіресе “дәстүрлі емес” діни ұйымдардың саны 48-ден 16-ға төмендеді. 2013 жылға қарай мемлекеттік қолдауға сүйенетін Мұсылмандардың діни басқармасымен байланысты мұсылман топтары ғана тіркелді. Шииттер мен Ахмади мұсылмандары құқықтық мәртебесінен айрылды, өйткені мешіттерге негізінен арнайы этникалық топтар баратын. Бұл Кеңес дәуірінде болғандықтан, Евангелиялық христиан-баптистері

одағының 11000 мүшелері ар-ождан мәселесінің негізінде тіркелуден бас тартты. Католик қауымдастықтары үкімет пен Қасиетті Тақ арасындағы келісім-шарт негізінде тіркеу шараларын орындаудан босатылды. Діни заң бойынша барлық діндер ресми түрде тең құқықта болса да, кіріспесінде «Ханафи мазхабындағы ислам мен православие христиандығының тарихи рөлін мойындайды.» Өкінішке орай, үкімет тәжірибесі басқа діндердің бірдей мәртебеге ие болмайтынын көрсетеді. Үкімет, сонымен қатар, жалған үкіметтік емес ұйымдар ретінде әрекет ететін арнайы діни ұйымдарға қарсы шыдамсыздықпен қарайтын «секталарға қарсы орталықтарды» қолдайды.

2016 жылы, Қазақстанда жер реформалары бойынша белгілі жаппай тәртіпсіздіктер және үкімет ислам фундаменталистерінің әрекеті деп сипаттаған қауіпсіздік күштеріне жасалған екі шабуыл байқалды, бұл азаматтық қоғамға қатаң шараларды қолдануға сылтау болуы ықтимал. 2016 жылы қыркүйек айында, жаңа үкімет министрлігі, Дін және азаматтық қоғамы құрылды; дін туралы ресми саясатқа жетекшілік ететін Дін істері жөніндегі комитет осы құзіретке жатады. Дін ең алдымен қауіпсіздік мәселесі болып саналатын ресми болжамды көрсете отырып, жаңа министрлікті басқаруға Қазақ Ұлттық қауіпсіздік кеңесінің төрағасы тағайындалды. 2016 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев діни әдебиеттер мен шетелдік діни саяхаттарға айыппұлдар салу және мемлекеттік бақылауды күшейту туралы заңдағы түзетулерге қол қойды. «Миссионерлік қызмет» және «діни білім беру» анықтамалары адамдардың кең ауқымын және діни көзқараспен байланысты әрекеттерді жазалау үшін кеңейтілген.

Дінге сенушілерді тұтқындауға арналған ең көп қолданылатын Қылмыстық кодекстің баптары «әлеуметтік, ұлттық, кландық, нәсілдік, кластық немесе діни қақтығыс тудыруы» үшін жазалайтын 174-бап және сот жүйесімен «экстремистік» қозғалыстарға тыйым салынған 405-бап. 2016 жылы шілде айында БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитеті дін немесе наным-сенім бостандығын бейбіт жүзеге асыруды жазалауға 174-бап пен басқа кең тараған заңдарды пайдаланғаны үшін Қазақстан үкіметін сынға алды. 2016 жылдың тамыз айында, БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитеті қазақстандық заңда экстремизм ұғымының «кең тұжырымы» діни сенім бостандығына «негізсіз шектеу(лер)» салады деп алаңдаушылық білдірді.

2017 жылғы діни сенім бостандығының жағдайлары

Заңдарға енгізілген өзгерістер: 2017 жылғы желтоқсанда Қазақстан үкіметі діни сенім бостандығын одан әрі шектейтін қосымша түзетулерді біржола қарастырды. Әсіресе, балаларға діни білім беруге, жеке үйлерде табынуға және діни көзқарастарды талқылауға әсер ететін түзетулер алаңдатып отыр. Бұдан басқа, ұсынылған түзетулер пікірталастың кез келген түрін және тәсілін қамтитын, қазақстандық заңнама бойынша кеңінен

анықталған заңды түрде басқаларды жаңа дінге бұруға болатындығын шектейді. Балалардың ата-аналарының екеуі де діни іс-шараларға қатысуы үшін нақты мақұлдау туралы талап үлкен іс-шараларды ұйымдастыруға немесе балаларға білім беру үшін діни ұйымдарға тағы бір үлкен кедергі келтіреді. Сондай-ақ, барлық ғибадаттар тек арнайы діни ұйымдарда ғана өтуі тиіс деген талап қауымдастықтарға жеке кеңістіктің жетпеуі немесе жеке табыну еркіндігіне қол жеткізу тәрізді әділетсіз жүктемелерді тудырады. 2016 жылғы желтоқсандағы түзетулердің басталуына орай, осы жаңа түзетулерді қабылдау Қазақстан үкіметінің діни бостандыққа қатысты қарсыластық ұстанымына алаңдаушылығын тудырады.

Христиан қауымдастықтарын жазалау шаралары: Қазақстандағы христиандар, ең алдымен, прозелитизмге қатысатындар немесе соған қатысы бар деп күдіктенеді. Оларға діни мәтіндерді лицензиясыз таратқаны, арнайы тіркеусіз «миссионерлік» дінді талқылағаны және тіркелмеген діни табыну жиналыстарын өткізгені үшін жиі айыппұл салынады. Алайда, Қазақстандағы христиандар да сенімдері үшін бас бостандығынан айырылады. 2017 жылы Қазақстанда христиандық ар-ождан тұтқындарының саны екі есе артты; 2017 жылдың мамыр айында обыр ауруына шалдыққан Иегова Куәгері Тимур Ахмедов студенттер ретінде таныстырған жасырын полиция информаторларына өзінің наным-сенімдері туралы бөліскені үшін 174-бап бойынша бес жылға бас бостандығынан айрылды. 2017 жылдың қазан айында Жетінші күн адвентисті Ықылас Қабдуақасов өзінің сенімін талқылағаны үшін екі жыл мерзімге түрмеде отырып шықты. 2017 жылы тағы екі христиан қылмыстық жауапкершілікке тартылды, олар ел ішінде жүріп-тұру еркіндігін шектейтін «шектеулі еркіндік» үкімдерін алды. Ахмедовпен бірге басқа бір Иегова куәгері Асаф Гулиевтің еркіндігіне бес жылға шектеу қойылды, ал баптист Юрий Беккер діни әдебиеттерді таратқаны үшін 2015 жылдың қыркүйегінде айыппұл төлеуден бас тартқаны үшін бір жылға еркіндігіне шектеу қойылды. 2017 жылдың тамызында БҰҰ-ның жұмыс тобы Ахмедовты заңсыз ұстағаны үшін тез арада босатуды талап етті.

Көбінесе үкімет мақұлдамайтын баптистер, Жетінші күн адвентистері және Иегова Куәгерлері тәрізді діни қауымдастықтарға әкімшілік айыппұлдар жиі болып тұрды. 2017 жылдың қазан, маусым, мамыр және сәуір айларында, соның ішінде Пасха жексенбісінде полиция қызметкерлері Өскемен, Тараз және Астраханка қалаларында баптистік жиналыстарға шабуыл жасап, ондаған адамдарға айыппұл салды. 2017 жылдың маусым айында қарулы полиция қызметкерлері Алматыдағы Иегова Куәгерлерінің бас басқармаларына кіріп, маусым айының соңында Куәгерлердің халықаралық конгресі өтетін бірнеше аптаға дейін қоғамды қорқытып-үркітіп күш көрсетті. Ғимараттарда жеткілікті қадағалау камералары жоқ деген сылтаумен бас басқармаға үш айға тыйым салды және қазақстандық соттар арнайы ғимараттардағы қызметке тыйым салғаны үшін шағым тәртібін азайтты. Конгресс барысында полиция қызметкерлері құжаттарды тексеру үшін бірнеше сағат бойы қатысушылардың бірнеше автобусын ұстап тұрды.

Басқа қауымдастықтарға сот бойынша үш айға тыйым салынды немесе дәлелсіз сылтаулармен айыппұл салынды. Өскемендегі баптистердің “Жаңа өмір” шіркеуіне 2017 жылдың тамызында қызмет көрсетуге уақытша тыйым салынды, ал Алматыдағы “Өмір көзі” протестанттық шіркеуіне 2017 жылдың сәуірінде қызмет көрсетуге уақытша тыйым салынды. Тексеруден кейін Астанадағы Пресвитериандық Благодать шіркеуіне «лаңкестік шабуылдың жоғары тәуекелі кезінде ғимарат ретінде жеткіліксіз шаралар» қолданғаны үшін 1300 доллар айыппұл салынды.

Тіркелген діни ұйымның “миссионерлік” рұқсатынсыз сенім туралы талқылаулар және барлық цензурадан өтпеген мәтіндер мен діни заттарды, икондарды жариялау, тарату және елге кіргізу тыйым салынады. 2017 жылдың шілде айында шоқыну рәсімінен өткен алты протестантқа айыппұл салынды, ал бір канадалық азамат депортацияланды. 2017 жылдың ақпан айынан шілде айына дейін тоғыз баптист пен екі Иегова Куәгерлеріне діни әдебиеттерді иеленгені немесе таратқаны үшін Қазақстанның әртүрлі жерлерінде айыппұл салынды. Қазақстан үкіметі балалардың діни біліміне араласуын жалғастыруда, яғни ата-аналар балалардың діни белсенділігінне қатысуына жазбаша рұқсат беруі заңды талап болып саналады. 2017 жылдың қараша айындағы 18-форумда төрт Жетінші күн адвентистері мен Иегова Куәгерлері балаларына сол жылы табынуға қатысуға рұқсат бергені үшін жазаланғаны туралы мәлімделді. Иегова Куәгерлерінің қару-жарақты ұстаудан бас тартқаны да үкіметтің қудалауына алып келді. Оң нәтижеге келетін болсақ, 2017 жылы әскери қызметке шақырылған әскери міндеттілікті ар-ождан немесе діни көзқарастары үшін орындаудан бас тартқан алты тұлғаларға қарсы құжатталған барлық қылмыстық айыптардан кінәлар алып тасталды.

Мұсылмандарды жазалау шарасы: 2017 жыл бойынша, діни нанымды бейбіт білдіргені үшін Қазақстанда көп жыл мерзімге абақтыға қамалатындардың басым көпшілігін мұсылмандар құрайды. Қазақстандық христиандардың жағдайы сияқты, үкімет күдігі прозелитизм, шетелдегі діни қозғалыстармен немесе институттармен байланыста болу, ресми діни саясатты сынау немесе ол бойынша көзқарастарында айырмашылық болудан туындады.

Таблиғи жамағат миссионерлік қозғалысының болжалды мүшелерін жүйелі түрде нысанаға алады. Таблиғи жамағат қозғалысын құпия полиция және Дін істері жөніндегі комитетінің тағайындаған зерттеуі экстремистік немесе лаңкестік емес анақтаса да, 2013 жылы ол қозғалысқа «экстремистік» деп тыйым салынды. 2017 жылдың сәуір-тамыз айларында Таблиғи жамағат ұйымының 15 мүшесі қозғалысқа мүшелік болғаны үшін бір жылдан төрт жылға дейін бас бостандығынан айырылды. 2014 жылдың желтоқсан айынан бастап Таблиғи жамағат ұйымынан барлығы 61 адам (барлығы Қазақстан азаматтары) қылмыстық жауапкершілікке тартылды: Олардың 47-сі түрмеге қамалды, ал 14-іне ел

ішінде басқа жерлерге бару еркіндігіне шектеу қойылды. 18-форумда 2017 жылдың тамыз айындағы Ильян Райымжан төрт жылға бас бостандығынан айыру жазасы ісі туралы сұрағанда, прокурор айыпталушының «қылмысы» басқа адамдарға «дұға етуге шақырғаны» деп жеткізді.

Сауд Арабиясындағы университетте бірге оқыған төрт сыныптастар талқылау топтарында салафизмді таратқаны үшін айыпталып, 2017 жылдың мамыр мен шілде айларының арасында жасырын полиция жазбалары негізінде «араздық қоздыру» айыбымен сотталды. Ер адамдардың үшеуі төрт жарым және бес жылға бас бостандығынан айыру жазасына кесілді, ал төртіншісінің еркіндігіне бес жылға шектеу қойылды. Азаттық Радиосының мәлімдеуінше, олар «ешқандай іс-әрекетке ашық түрде шақырмаса да», полиция оларды «жихадтың белгілі бір нысандарына баса назар аударғаны» үшін және исламның басқа бағыттарын сынағаны үшін айыптады. Басқа бір салафит - ұлты өзбек имам Абдухалил Абдужаббаров Қазақстанның өтінші бойынша Сауд Арабиясынан 2017 жылдың ақпан айында шығарылғаннан кейін 2017 жылдың тамыз айында сегіз жылға бас бостандығынан айырылды. Абдужаббаров діни алауыздық қоздырды деген айыппен сотталғанымен, ресейлік «Мемориал» құқық қорғау ұйымының айтуынша оның тұтқындалуы үкімет қолдау көрсететін имамдармен бұрынғы келіспеушіліктерімен байланысты екенін айтты. Бұрынғы КСРО-ның авторитарлық үкіметтері арасында келісімділікті көрсете отырып, Азаттық Радиосы Абдужаббаровтың айтуынша, қазақ тергеушілері оны өзбек әріптестеріне тапсыра алатыны және ол жақтан «тірі не өлі келуің белгісіз» деп қорқытқаны туралы мәлімдеді. Абдужаббаров сондай-ақ өз діни сенімін сотта қорғады, ол Қазақ үкіметі 1990 жылдары ресми түрде шақырған Парсы шығанағының мемлекеттік салафит ғалымдарынан білім алғанын айтты.

Бұл айыптаушылықтар Қазақстандағы ислам фундаментализмінің орын алуына қарсы кең ауқымды шараларымен байланысты. 2017 жылдың сәуірінде тәуелсіз «Ферғана» ақпараттық агенттігі президент Назарбаев заңнамада сақал, қысқа шалбар, хиджаб және исламның басқа консервативті тәжірибелерін тыйым салуды қарастыруды ұсынғанын жазды. 2017 жылдың қарашасында Азаттық Радиосының хабарлауынша, оңтүстік Қазақстан ауылында тұратын салафиттер тобы полицияның деспоттық қысым көрсетуін тоқтату үшін сотқа шағымдаған. Олар топтың қара тізімге енгізілгеніне және олардың мүшелері ешқандай қылмыс жасамағанымен, жергілікті полиция бөлімшесіне жиі келуге мәжбүр екенін және саусақ іздерін алып тұратынына шағымданды. 2017 жылы билік дұға кезінде дауыстап «аумин» деп айтқаны үшін бүкіл ел бойынша мешіттерге барушыларға айыппұл салды; бұлай істеуге 2016 жылдың қараша айынан бастап салафиттік діни тәжірибемен байланысты тыйым салынған. 2017 жылы ақпан айында, Азаттық Радиосының баяндауынша, Астана қаласының орта мектебінде полиция лейтенанты экстернизмге қарсы семинарда оқушылардан үйде намаз оқитын адамдарды хабарлауын сұрады.

Діни экстремизммен нақты байланысы жоқ, дегенмен ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыру талап етіледі. 2017 жылғы қарашада Шухрат Кибиров әлеуметтік желіде шешен және араб тілдерінде ислам әндерін тыңдағаны үшін алты жыл сегіз айға сотталды. Азаттық Радиосының хабарлауынша, әндер сипаттамасы бойынша лаңкестік екені туралы ешқандай дәлел келтірілмеген. Бұған қоса, істен хабардар болған корреспондент Кибировтың шешен тілінде немесе араб тілінде сөйлемегенін USCIRF ұйымына мәлімдеді.

Өзбекстанда ұзақ уақыт қолданылған тәжірибе тәрізді, 2017 жылы қазақстандық билік діни тұтқындарды мерзімсіз түрмеде ұстау үшін құқық бұзушылықтарына қосымша түрме мерзімін беруді енгізуі мүмкін деген күдік туындады. 2010 жылдан бастап Хизб-ут-Тахрирге қатысы бар деген айыппен түрмеге қамалған Берік Әбдірахманов 2018 жылдың мамыр айында босатылуы керек еді, 2017 жылы мамыр айында балағат сөздер айтқаны үшін және өзінің аты-жөні мен тұтқында қолданылатын нөмірін дұрыс көрсетпегені үшін айыпталды. Қазақстанда адам құқықтарын қорғаушы жетекші ұйымның бірі, Азаттық Радиосының хабарлауынша, бұл іс Қазақстанда «Өзбек технологиясын» қолданудың мысалы ретінде сипатталады.

Қазақстанда түрмедегі сенушілерге жағдай жасалмаған. Жоғарыда айтылған Абдужаббаров пен банкті тонағаны үшін түрмеде отырған адам Рамазан айында ораза ұстауға әрекет жасағаны үшін (ол кезде таңсәріге дейін тамақтану керек) оларды қарцерге салғанын айтады - себебі, камераларда түнгі сағат 10.00-нан бастап таңертеңгі сағат 6.00-ға дейін кез келген әрекеттерге тыйым салынады. Мемлекет діни қылмыс жасағаны үшін сотталғаннан кейін күдікті ислам фундаменталистерін аластап қуғындайды.

2017 жылы Абылайхан Шалимбаев билік экстремистік деп санаған ислам кітабына ие болғаны үшін бес жылға бас бостандығынан айырылғаны үшін сотқа шағымданды. 2016 жылы үкімі аяқталғаннан бері ол жұмыс таба алмады, пәтер жалдай алмады немесе банктік шотты пайдалана алмаған. Діни құқық бұзушылықтар үшін тұтқындалған немесе сотталғандардың көбісі тәрізді, оны Қаржы министрлігінің Қаржыны бақылау комитеті қаржы жүйесіне қолжетімділікке кедергі келтіретін «терроризмді немесе экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалардың тізіміне» орналастырған. Құқық қорғаушылардың пікірінше, осы тәрізді «жүздеген» оқиғалар болуы мүмкін.

Діни материалдарға шектеулер: Қазақстан кем дегенде 713 тармақтарға, соның ішінде, мұсылман, Ахмади, христиан, Харе Кришна және Иегова куәгерлері әдебиетінің болжалды “экстремизміне” тыйым салды. Үкімет барлық діни мәтіндерді цензуралайды, түрмеде діни материалдарға тыйым салады және діни материалдардың сату орындарын шектейді. Діни заңның қатаң ережелері бойынша, тек Ханафи мазһабының сүннит

мұсылмандарының материалдарын ғана ресми лицензиясы бар кітап дүкендерінде сатуға болады. Әкімшілік айыппұлдарға заңбұзушылықтары үшін ең жиі айыппұлдар салынады және жиі христиандарға қарсы алынады. Жоғарыда аталған христиандардың қатысуымен болған оқиғалардан басқа, 18-форумда 2017 жылы айыппұл салынған немесе әдебиеттерді иеленгені үшін қысым көрсетілген мұсылмандардың бірнеше оқиғасы баяндалды. 2017 жылдың шілдесінде Астана әуежайындағы сыйлық дүкені ислам туралы кітаптар сатқаны үшін айыппұл салынды және бірнеше айларға ішінара жабылды. Сонымен қатар, 2017 жылдың мамыр-наурыз айларында Қазақстанның түрлі өңірлеріндегі кітап дүкендеріне ислам әдебиетін сатқаны үшін айыппұл салынды. 2017 жылдың мамыр айында Қарағанды қаласында Telegram хабарламамен алмасу қолданбасы арқылы ислам әдебиетін жіберген екі адамға айыппұл салынды.

АҚШ саясаты

Кенес Одағының ыдырауынан кейін Америка Құрама Штаттары Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы ел болды, ал қазір ол - Қазақстан экономикасында ең ірі тікелей шетелдік инвестордың бірі. Негізгі екі жақты мәселелер аймақтық қауіпсіздік, оның ішінде Ауғанстанды тұрақтандыру шаралары мен ядролық қаруды таратпау саясатын қамтиды. Қазақстан мен АҚШ, әлеуетті нығайту бағдарламалар арқылы әскери ынтымақтастықты күшейту үшін бесжылдық жоспар жасады. 2015 жылы ақпанда екі мемлекет Өзара құқықтық көмек көрсету келісіміне қол қойды. Қазақстандағы АҚШ ХДА (USAID) бағдарламалары азаматтық қоғамды қолдауға көмектеседі, ақпаратқа қол жетімділікті арттырады, азаматтық ынталы топтарды нығайтады, тәуелсіз сот билігін көтермелейді және адам құқықтарын қорғауды ынталандырады. АҚШ ХДА сондай-ақ, Қазақстан үкіметімен азаматтық қоғамдық серіктестік қатынастарды қалыптастыруға көмектеседі. 2017 жылғы қаңтар айы бойынша, Қазақстан БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінде (Азия-Тынық мұхиты тобына бөлінген) екі жылдық уақытша отырады.

2017 жылдың қыркүйек айында, Мемлекеттік департаментте негізгі бостандықтарын құрметтеу, оның ішінде әр түрлі көпжақты мәселелер бойынша талқылау үшін бес Орталық Азия мемлекеттері мен Америка Құрама Штаттарының сыртқы істер министрлерін біріктіретін С5+1 министрлерінің үшінші отырысы болып өтті.

Сонымен қатар, 2012 жылы құрылған АҚШ пен Қазақстан елдері АҚШ - Қазақстан Стратегиялық Серіктестік Диалогы арқылы екіжақты мәселелердің кең ауқымын талқылады. 2017 жылдың қараша айында Оңтүстік және Орталық Азия істері жөніндегі Мемлекеттік хатшының көмекшісі міндетін атқарушы Элис Уэллс Президент Н.Назарбаевтың 2018 жылдың қаңтарында Америка Құрама Штаттарына ресми сапарға бару алдындағы диалог шеңберінде Қазақстанға сапармен келді. Есеп беру кезеңінен кейін, 2018 жылдың қаңтарында вице-президент Майк Пэнс Президент Назарбаевпен

кездесті және азаматтық бостандықтарды, оның ішінде діни бостандықты құрметтеудің маңыздылығын атап өтті.